

К.А.Колесник,<sup>1</sup>  М.Ж.Бегазова,<sup>2</sup> \* А.М.Бостанова,<sup>3</sup>   
Д.Т.Байболова,<sup>4</sup>  М.Джаздықбаева<sup>3</sup> 

<sup>1</sup>Мирас университет, Шымкент қ., Қазақстан

<sup>2</sup>№1 Алматы қазақ гуманитарлық-педагогикалық колледж, Алматы қ., Қазақстан

<sup>3</sup>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университет,  
Түркістан қ., Қазақстан

<sup>4</sup>Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университет, Қызылорда қ., Қазақстан

## ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘСІЛДЕМЕЛЕР НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУДЫҢ ДИАГНОСТИКАСЫ

*Аңдатпа*

Мақалада «педагогикалық тәсілдеме» ұғымының мәнін аша отырып, оның педагогика саласындағы негізгі ұғымдардың бірі екендігі анықталады. Педагогикалық тәсілдемені қолдану, жүзеге асыру болашақ мұғалімдердің әдістемелік терең меңгеруіне алып келеді. Бұл ретте болашақ мұғалімдердің әдістемелік құзыреттілігін дамыту негізгі міндеттердің бірі болады. Сондықтан осы орайда құзыреттілік, әдістемелік құзыреттілік ұғымдарына сипаттамалар берілді. Әдістемелік құзыреттіліктің барлық түрлерімен терең қатынастағы ұғым ретінде әдістемелік құзыреттіліктің басқа құзыреттілік түрлерімен қатынасы түсіндіріледі. Мұндағы әдістемелік құзыреттілік формуласының мазмұны әдістемелік білім, әдістемелік шығармашылық, әдістемелік өнер, әдістемелік ойлау, әдістемелік мәдениет, әдістемелік сауаттылық болып құрылымдалады. Аталған құзыреттіліктердің мазмұны бір кәсіби сала бойынша жеткілікті деңгейдегі білімдердің жиынтығын ретінде баяндалады. Әдістемелік құзыреттілік кәсіби салада қызмет ететін маманның өз кәсібі жөніндегі теориялық және практикалық білімдерінің толыққанды болуын білдіреді. Біз, теориялық тұрғыдағы зерттеулерді талдауда, әдістемелік құзыреттілік – теориядана жаңа теория туындатушы, барлық теориялық білімді тәжірибелік тұрғыдан шығармашылықпен қамтамасыз етуші құрылым деп нақтыланды.

Эмпирикалық бөлімде болашақ мұғалімдердің әдістемелік құзыреттіліктерінің дамуын диагностикалау жұмыстары кезең-кезеңмен жүзеге асырылып, статистикалық талдаулары ұсынылады. Мұндағы диагностикалық кезеңдер: деңгейлерді анықтау кезеңі, лабораториялық кезең, диагностиканың қорытынды кезеңі болып жүзеге асырылды.

**Түйін сөздер:** құзыреттілік, әдістемелік құзыреттілік, тәсілдемелер, педагогикалық тәсілдемелер, кәсіби даярлау.

Колесник К.А.,<sup>1</sup>  Бегазова М.Ж.,<sup>2</sup> \* Бостанова А.М.,<sup>3</sup>   
Байболова Д.Т.,<sup>4</sup>  Джаздықбаева М.<sup>3</sup> 

<sup>1</sup> Университет Мирас, г.Шымкент, Казахстан

<sup>2</sup> Алматинский гуманитарно-педагогический колледж №1, г.Алматы, Казахстан

<sup>3</sup> Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Ясави,  
г.Туркестан, Казахстан

<sup>4</sup> Кызылординский университет имени Коркыт Ата, г.Кызылорда, Казахстан

## ДИАГНОСТИКА РАЗВИТИЯ МЕТОДИЧЕСКОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ НА ОСНОВЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ПОДХОДОВ

*Аннотация*

Раскрывая сущность понятия «педагогический подход» в статье, выясняется, что оно является одним из основных понятий в области педагогики. Применение, реализация педагогического подхода ведет к глубокому овладению методикой будущими учителями. При этом одной из основных задач будет развитие методической компетентности будущих учителей. Поэтому были даны характеристики понятиям компетентности, методической компетентности. Как понятие в глубоком соотношении со всеми видами методической компетентности объясняется отношение методической компетентности к другим видам компетентности. Содержание формулы методической компетентности здесь структурировано как методическое образование, методическое творчество, методическое искусство, методическое мышление, методическая культура, методическая грамотность. Содержание указанных компетенций излагается как совокупность знаний достаточного уровня по одной профессиональной сфере. Методическая компетентность подразумевает наличие у специалиста, работающего в профессиональной сфере,

полных теоретических и практических знаний по своей профессии. Мы, при анализе теоретических исследований, уточнили, что методологическая компетентность – это структура, порождающая новую теорию из теории, творчески обеспечивающая все теоретические знания с практической точки зрения.

В эмпирическом разделе поэтапно реализуется работа по диагностике развития методических компетенций будущих учителей, предлагается статистический анализ. Диагностическими этапами здесь были: этап определения уровней, лабораторный этап, заключительный этап диагностики.

**Ключевые слова:** компетентность, методическая компетентность, подходы, педагогические подходы, профессиональная подготовка.

*Kolesnik K.,<sup>1</sup> Begazova M.,<sup>2</sup> \* Bostanova A.,<sup>3</sup>*

*Baibolova D.,<sup>4</sup> Jazdykbayeva M.*

*<sup>1</sup> Miras University, Shymkent, Kazakhstan*

*<sup>2</sup> Almaty kazakh humanitarian- pedagogical college №1, Almaty, Kazakhstan*

*<sup>3</sup> Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan*

*<sup>4</sup> Korkyt Ata Kyzylorda university, Kyzylorda, Kazakhstan*

## DIAGNOSTICS OF THE DEVELOPMENT OF METHODOLOGICAL COMPETENCE OF FUTURE TEACHERS BASED ON PEDAGOGICAL APPROACHES

### Abstract

Revealing the essence of the concept of "pedagogical approach" in the article, it turns out that it is one of the basic concepts in the field of pedagogy. The application and implementation of the pedagogical approach leads to a deep mastery of the methodology by future teachers. At the same time, one of the main tasks will be to develop the methodological competence of future teachers. Therefore, the concepts of competence and methodological competence were characterized. The relation of methodological competence to other types of competence is explained as a concept in deep relation to all types of methodological competence. The content of the formula of methodological competence is structured here as methodological education, methodological creativity, methodological art, methodological thinking, methodological culture, methodological literacy. The content of these competencies is presented as a set of knowledge of a sufficient level in one professional field. Methodological competence implies that a specialist working in the professional field has complete theoretical and practical knowledge of his profession. When analyzing theoretical research, we clarified that methodological competence is a structure that generates a new theory from theory, creatively providing all theoretical knowledge from a practical point of view.

In the empirical section, work is being carried out step by step to diagnose the development of methodological competencies of future teachers, and statistical analysis is proposed. The diagnostic stages here were: the level determination stage, the laboratory stage, and the final diagnostic stage.

**Keywords:** competence, methodological competence, approaches, pedagogical approaches, professional training.

**Кіріспе.** Бәсекеге қабілетті білім кеңестігін құруға бағытталған қазақстандық білім беру реформасының негізгі мақсаттарының бірі - жаңаша оқытудың әдіс-тәсілдері арқылы білім алушылардың бойында шығармашылық ойлауы мен құзыреттілігі қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу болып отыр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында: «Әділетті Қазақстанды құру ісінде мұғалімдердің рөлі айрықша екені сөзсіз. Мемлекетімізде соңғы жылдары ұстаз мамандығының абырой-беделін арттыру үшін көп жұмыс жасалды. Дегенмен, бұл бағытта әлі де біршама өзгерістер жасау қажет. Педагогикалық жоғары оқу орындарын аккредитациялаудың жаңа стандарты қабылданады. Сондай-ақ, ұстаздардың құзырет аясы айқындалады» деп айтып өткендей қазіргі таңдағы басты мақсат білім беру жүйесіндегі білім мен біліктілікті тәжірибеде қолдана алу қабілеттілігі, яғни, шешуші құзыреттілікке жетуді көздейді [1].

Қазақстан Республикасы жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес, құзыреттілік – оқу үдерісінде алған білімді, шеберлік пен дағдыны кәсіби қызметте практикалық тұрғыда пайдалана білу қабілеті болып табылады. Мұндай мүмкіндіктерді іріктеу ең алдымен білім беру үдерісін тиімді ұйымдастыруды көздейді. Ол үшін болашақ мұғалімдердің құзыреттілігін дамытудың қағидаларын қарастыру өте маңызды [2].

Болашақ мұғалімдердің құзыреттілігі – пәндік, ақпараттық, коммуникативтік, функционалдық сауаттылық және зияткерлігін дамытуда өзінің танымдық әрекетін талдап, басқара білу,

жаңа жағдайларға бейімделу қабілеті және өзінің дамуы мен рефлексиялық үдерістерін басқара білуден тұратын құрылым [3].

Жаңа технологиялардың көмегімен білім алушылардың білімін жетілдіру мен оқу сапасын арттыруға, таңдаған кәсібіне бейімдеуге болады. Цифрлық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту үдерісі білім алушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға итеріп, нәтижесінде – өздерінің кәсіби әлеуетінің қалыптасуына мүмкіндік алады [4].

Сонымен қатар, ойлау мәдениеті, ақпаратты синтездеу, талдау, танымдық әдістер мен құралдарды қолдану, зияткерлік даму, оқыту және өзін-өзі басқару, кәсіби біліктілікті арттыру студенттердің назарында болуы тиіс. Болашақ педагогтердің білім мен дағдылар көлемін алудағы білімділік қажеттіліктерін қанағаттандыру ЖОО кәсіби маман даярлаудағы өзекті мәселесі ретінде қарастырылады.

Педагогика әдістемесі бүгінгі таңда кеңінен зерттелген және теориялық – әдіснамалық тұрғыдан толыққанды қалыптасқан сала болып табылады. Дегенмен, педагогика саласындағы модификациялар мен модернизация педагогикалық тәсілдемені зерттеуге деген өзектілікті негіздеп отыр.

Педагогикалық тәсілдемені зерттеу үшін ең алдымен «тәсілдеме» ұғымының мағынасына тоқталып өтейік. Теориялық зерттеулерге сәйкес: «тәсілдеме – бұл педагогикалық іс – әрекеттің өзара байланысты ұғымдарының, идеялары мен әдістерінің белгілі бір жиынтығын қолдануға итермелейтін өз іс-әрекеттерін жүзеге асырудағы мұғалімнің бағыты» [5].

«Педагогикалық тәсілдеме» ұғымы білім беру мен тәрбие үрдісі құралатын көзқарастар мен қағидалардың жүйесі. Демек, білім беру мен тәрбиені ұйымдастырудағы барлық әдістемелердің жиынтығын осы тәсілдеменің мазмұнына кіргіземіз. Педагогикалық тәсілдемені зерттеудің негіздері ретінде отандық авторлардан Ш.Т.Таубаева, Б.Барсай, Н.Нұрахметұлы, Берикханова А.Е. және т.б ғалымдардың зерттеулерін кездеседі.

Біз, ғылыми мақала мазмұнында болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлану жағдайында әдістемелік құзыреттілікті дамыту, бұл ретте педагогикалық тәсілдемені құрал ретінде тану және диагностикалауды ұсынып отырмыз.

#### *Негізгі ережелер:*

- педагогикалық тәсілдемелердің көпқырлы категория: дәстүрлі тәсілдеме, тұлғаға бағытталған тәсілдеме, құзыреттілік тәсілдеме, жобалық тәсілдеме, интерактивті тәсілдемелердің мазмұны;

- «әдістемелік құзыреттілік – теориядана жаңа теория туындатушы, барлық теориялық білімді тәжірибелік тұрғыдан шығармашылықпен қамтамасыз етуші құрылым»;

- педагогикалық тәсілдемелер негізінде болашақ мұғалімдердің әдістемелік құзыреттілігін дамытудың диагностикасы және оны ұйымдастырудың деңгейлерді анықтау кезеңі, лабораториялық кезең, диагностиканың қорытынды кезеңдерінің нәтижелері.

**Материалдар мен әдістер.** Педагогикалық тәсілдемелер негізінде болашақ мұғалімдердің әдістемелік құзыреттілігін дамытудың диагностикасы бойынша зерттеу әдістері жүзеге асады. Атап айтсақ, теориялық зерттеу әдістері: жинақтау, талдау, контент-талдау, нақтылау, құрылымдау, ассоциациялау; ал эмпирикалық әдістер: диагностикалау, тест, сауалнама, сандық, сапалық өңдеу, статистикалық талдау жүргізіледі.

Теориялық зерттеулерде ең алдымен, тәсілдеме, педагогикалық тәсілдеме, құзыреттілік, әдістемелік құзыреттілік ұғымдарының мазмұны мен құрылымын анықтауды қарастырамыз.

В.И.Слободчиков, Е.И.Исаев: «...адамның ештеңеге тәуелсіз болу қабілетін іргелі білімге қабілетті дамыту» деп анықтайды, ғалымдардың бұл пайымдауынан байқайтынымыз, адам өз өмірінің шынайы субъектісі ретінде анықтауға келетіндігінде болы отыр [6].

М.А.Щукина өз зерттеулерінде жеке тұлғаның дамуы туралы: «кез-келген адамның өмірлік бағыты іс-әрекет тәсілі ретінде, өмір стратегиясы ретінде немесе өмір бойы ерекше өмір режиміне айналуы керек» деп көрсетеді, бұдан шығатын қорытынды тәсілдеме жеке тұлғаның

дамуында да өзіндік маңызы бар, бірақ тәсілдемені орынды дұрыс қолдану ерекшелікке апарды деп түсінеміз [7].

Тәсілдеме К.Роджерс тұжырымдамасында тұлғаның өзін-өзі дамыту позицияларына және жеке тұлғаның өзін-өзі ашу ұстанымдары, әр адамның бірегей оқу стилі, адамның өз өмірін құрудағы рөлін, таңдау еркіндігін барынша жандандыруға негізделеді [8].

А.Маслоу тәсілдеменің қолданылуы жеке тұлғаның қажеттіліктеріне, мүдделеріне, өзін-өзі тануға басымдық береді. Осы тұрғыдан алғанда мұғалім белгілі бір атмосфераны жасаушы ретінде қарастырылады, ал білім алушылар мұқият және қолдаушы ортаны сезінсе, адалдық, мейірімділік, жомарттық, махаббат сияқты қасиеттерді меңгереді деп түсіндіреді [9].

Р.Бернс өзінің іргелі зерттеулерінде тәсілдемені білім беру үдерісінің гуманистік бағытында талдайды. Бұл тұрғыда автор өз күшіне сенетін және білімге ұмтылатын мұғалімнің жеке басының салауатты өзін-өзі тануына баса назар аударады. Сондай-ақ тәсілдемені ұтымды қолданысқа түсіру балалардың мүмкіндіктерін ашуға жұмыс жасайтындығын негізге алады. Р. Бернс педагогтің жеке басының маңыздылығын атап көрсетеді, тәсілдемені терең түсінуде өзінің тұжырымдамасымен балалардың ішкі әлеміне және өскелең ұрпақта салауатты түрде өзін-өзі тануды қалыптастыратындығын және бұл ретте оқушылар өздеріндегі өзіндік тұжырымдамасының ерекшеліктерін түсінетіндігін алға шығарады [10].

Ашық Уикипедияда: «...білім берудегі педагогикалық тәсілдеме – бұл жүйелік, жеке, белсенділік, аксиологиялық, әлеуметтік-мәдени және құзыреттілік тәсілдер сияқты әртүрлі бағыттарды қамтитын білім беру мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған ұстанымдар, техникалар мен әдістер кешені. Қажетті тәсілдемені таңдау, оның оқыту мен дамыту мақсаттарына байланысты, бірақ тұтастай алғанда, ол педагогикалық мәселелерді шешу стратегиясын анықтайды және оқушының жеке басын, оның құндылық бағдарларын және өзін-өзі дамытуға деген ұмтылысын қалыптастыруға ықпал етеді» делінген [11].

Байқап отырғанымыздай, осы орайда көрсетілген педагогикалық тәсілдеме ұстанымдар, техникалар және әдістер кешені арқылы жүзеге асырылады: мұндағы ұстанымдар – педагогикалық қызмет стратегиясын анықтайтын негізгі нормативтік ережелер, ал техника – жекелеген педагогикалық міндеттерді шешуге бағытталған нақты қолданбалы ұсыныстар мен іс-әрекеттер болса, әдістер кешені – оқытушылардың оқу үдерісін ұйымдастыруы және білім беру мақсаттарына жетудегі қолданымға түсетін тиімді әдістердің көптілігі деп түсіндіріледі. Сондықтан да «педагогикалық тәсілдеме» педагогикалық және психологиялық еңбектерде өзіндік мәнге ие болып келеді деп айтуға болады.

Педагогикалық тәсілдемелердің көпқырлы категория ретінде бірнеше түрлері бар, атап айтсақ, дәстүрлі тәсілдеме, тұлғаға бағытталған тәсілдеме, құзыреттілік тәсілдеме, жобалық тәсілдеме, интерактивті тәсілдемелер деп жіктеледі.

Дәстүрлі тәсілдеме бұл педагогикалық тәсілдеменің ең алғаш қалыптасқан формасы. Мұнда педагог негізгі орталық рөлге ие болады және білім қорының негізгі көзі болып табылады. Сәйкесінше білім алушылардың рөлі енжар формада болады және олар тек қана педагог берген білімді алушы, қабылдаушы ретінде қарастырылады. Бұл тәсілдеменің негізін салушылар ретінде Я.А.Коменскийді және И.Фридрихті айтсақ болады. Дәстүрлі тәсілдеме барысында оқытудың стандартты формалары қолданылады: дәрістер, сабақтар, жаттығулар, тестілеулер және т.б. Педагогикалық тәсілдеменің бұл түрі білім берудің модернизациясына дейін ең танымал тәсілдеме ретінде қарастырылды. Ал, қазіргі таңда ақпаратты алудың көзі көбейгендіктен – бұл тәсілдеме тиімді болып саналмайды. Дегенмен, білім беру үдерісі әдетте осы тәсілдеме арқылы ұйымдастырылып келеді [12].

Педагогикалық тәсілдеменің келесі түрі – тұлғаға бағытталған тәсілдеме. Бұл тәсілдеменің дәстүрліден айырмашылығы білім беру үдерісінде студенттердің кәсіби және жеке тұлғалық сапаларына ден қойылады, яғни, педагогикалық үдерісті ұйымдастыру әр студенттің жеке қасиеттерін, қабілеттері мен кәсіби тұрғыдағы мотивацияларын есепке ала отырып ұйымдастырылады. Педагогикалық тәсілдеменің мазмұны әрбір баланың ішкі мотивациясының

есебінен білім беру үдерісін тиімді ұйымдастыру мақсаттарын құрайды. Нәтижесінде, балалардың білім беру үдерісіне қатысуы дәстүрлі тәсілдемеге қарағанда арта түседі. Тәсілдеменің белсенді зерттеле түсуі ақпарат алудың жаңа көздерінің пайда болуымен байланысты болды. Тәсілдемені маңызды тұсы, қазіргі цифрлық ресурстарды кеңінен қолдана отырып, білім алушыларда тұлғаға бағытталған білімнің салтанат құруына қызмет етеді. Яғни, білім алушылар педагогтің қатысуынсыз өз бетінше іздене алады. Тәсілдеменің бұл түрінің негізін К.Роджерс, Л.С.Выготский салды деуге болады [13].

Құзыреттілік тәсілдемесінің мазмұны білім алушылардың практикалық дағдылары мен құзыреттіліктерін қалыптастыруға көбірек назар аударады. Сонымен қатар, тәсілдеменің оның мәні білім алу үдерісінің нәтижесі білім алушылардың болашақта кәсіби қызметті сәтті іске асыра алуына бағытталуы тиіс. Бұл тәсілдеме 10-15 жыл көлемінде өте кең дамыды және оның себебі ретінде авторлық білім беру нарығының өзгерістерін атап өтті. Мұндағы тәсілдеменің келуімен білім беру нәтижелерін бағалауға деген көзқарас та өзгере түсті. Құзыреттілік тәсілдеме негізінде тек қана білім қоры ғана бағаланбайды, сонымен қатар, бағалау критерийі ретінде алған білімдерін тәжірибеде қолдану мүмкіндігі де қарастырылады. Тағы бір айта кететін ақпарат бұл тәсілдеме топтық ынтымақтастыққа деген қажеттілікті арттырды.

Жоғарыда аталған құзыреттілік тәсілдемесі негізінде педагогикадағы жаңа тәсілдемелердің туындауына ықпал етті. Нақтырақ айтқанда, Д.Дьюи негізін салуда педагогикада тәжірибеге бағытталған жобалық тәсілдеме пайда болды. Бұл тәсілдеме білім беру білім алушылардың сыни ойлауын дамытып, топтық жұмысқа деген мотивацияларды оятады. Соның негізінде педагогикалық үдеріс барысындағы нақты жағдаяттарды шеше алатын білім, білік және дағдылар қалыптасады [14].

В.Килпатриктің айтуынша, кез келген әрекет, егер ол белгілі бір мүддені көздей отырып бірлескен және жоғары деңгейдегі өз бетіндік жұмыс ретінде орындалған білім алушылар тобының әрекеті болса, онда ол жоба болып есептеледі. Килпатрик жобаның үш негізгі компоненттерін бөліп көрсетті. Олар:

- білім алушының табиғаты мен қызығушылығына құрылған оқу материалдары;
- мақсатқа бағытталған әрекет;
- оқытуды-өмірді үздіксіз жаңғырту және одан жоғары сатыларға көтеру құралы ретінде қарастыру [15].

Жобалық тәсілдеме оқушының нақты ситуацияларда жол таба білуіне бағытталған мақсатты іс-әрекеттерді ұйымдастыруда көрініс табады.

Интерактивті тәсілдемеге келетін болсақ, бұл дәстүрлі және тұлғаға бағытталған тәсілдемелердің қосындысы болып табылады. Аталған тәсілдеменің аясында білім берудегі «негізгі рөл» түсінігі жойылады. Мұнда білім берудің барлық субъектілері (оқытушы, білім алушылар) оқу үдерісіне теңдей қатыса отырып, кәсіби мәселелерді шешеді. Оның негізгі әдісі ретінде пікірталас, дебаттар, рөлдік ойындар, топтық жобалар қарастырылады. Сонымен қатар, педагогикалық тәсілдеменің бұл түрінде білім алушылардың бір-бірімен және оқытушымен тәжірибе алмасуы орын алады [16].

«Педагогикалық тәсілдеме» ұғымының мәнін аша отырып, оның педагогика саласындағы негізгі ұғымдардың бірі екендігі анықталды. Педагогикалық тәсілдемені қолдану, жүзеге асыру болашақ мұғалімдердің әдістемелік терең меңгеруіне алып келеді. Бұл ретте болашақ мұғалімдердің әдістемелік құзыреттілігін дамыту негізгі міндеттердің бірі болады. Сондықтан біз, осы орайда құзыреттілік, әдістемелік құзыреттілік ұғымдарына сипаттамалар беруді жөн көреміз. Алайда бір ескеретін жайт, әдістемелік құзыреттілік құзыреттіліктің барлық түрлерімен терең қатынастағы ұғым болмақ. Ендеше, әдістемелік құзыреттіліктің басқа құзыреттілік түрлерімен қатынасын түсіндіріп өтеміз.

Педагогикаға қатысты құзыреттіліктер А.К.Маркова бойынша арнайы құзыреттілік, тұлғалық құзыреттілік, әлеуметтік құзыреттілік, жеке құзыреттілік деп бөлінеді.

Аталған құзыреттіліктердің мазмұнына тоқталатын болсақ, арнайы құзыреттілік белгілі бір кәсіби сала бойынша жеткілікті деңгейдегі білімдердің жиынтығын білдіреді. Арнайы құзыреттілік кәсіптік салада қызмет ететін маманның өз кәсібі жөніндегі теориялық және практикалық білімдерінің толыққанды болуын білдіреді.

Тұлғалық құзыреттіліктер, бұл тұлғаның (болашақ маманның) өзін-өзі анықтауын, өзін-өзі дамытуын, кәсіби қызметінің саласындағы деформацияларға қарсы тұруын қамтамасыз ететін қабілеттердің жиынтығын білдіреді. Сонымен қатар, тұлғалық құзыреттіліктер адамның бойындағы өмірлік ұстанымдары мен жеке құндылықтарына негізделген руханилықты да қамтиды [17].

Әлеуметтік құзыреттіліктер, адамның (тұлғаның) қоғам алдындағы жауапкершілігін, өзінің кәсіби еңбегіндегі қарым-қатынас аспектілерін, сондай-ақ, кәсіби ортада әріптестерімен өнімді қарым-қатынас орната алу біліктерін қамтиды.

Жеке құзыреттілікке келетін болсақ, мұнда тұлғалардың өзін кәсіби сала шеңберінде дамытуға деген талпынысы мен мотивациясы, ізденісі мен қадамдары жатады. Бұл құзыреттілік өзгелердің жеткілікті деңгейде қалыптасуына әсер етуші фактор ретінде қызмет етеді [18].

Жоғарыда келтірілген жіктеменің арнайы құзыреттіліктер қатарына жататын құзыреттіліктің бірі әдістемелік құзыреттілік болып табылады. Бұл құзыреттілікті дамытуға деген қажеттілік білім беру саласындағы өзгерістердің енуімен байланысты болады. Сол себепті, бұл тақырыпты зерттеуге деген қызығушылық жоғарылап, бірқатар авторлар тобы «әдістемелік құзыреттілік» терминіне түрлі анықтамаларды береді. 1- кестеде «әдістемелік құзыреттілік» терминіне берілген анықтамалардың контент-талдауын ұсынып отырмыз.

Кесте 1 - «Әдістемелік құзыреттілік» ұғымына контент-талдау

Автор	Анықтама	Комментарийлер
Б.Барсай	Әдістемелік құзыреттілік - білім беру үдерісін тиімді өткізуге қажетті кәсіби дағды мен білімнің жиынтығы	Кәсіби дағды мен білімнің жиынтығы
Н.А.Глухарева	Әдістемелік құзыреттілік – ғылыми-теориялық, психологиялық-педагогикалық және кәсіби құзыреттіліктермен қатар жүретін кәсіби құзыреттіліктер құрылымының бір компоненті	Кәсіби құзыреттіліктің компоненті
Т.В.Андреева	Әдістемелік құзыреттілік - педагогтің тұлғаның жеке ерекшеліктерін есепке ала отырып, білім, білік, дағдыны меңгеруі	Білім, білік, дағдының меңгерілуі
И.Ю.Ковалева	Әдістемелік құзыреттілік – педагогтің іскерлік, тұлғалық және моральдық қасиеттерінің интегративті сипаттамасы	Педагогтің интегративті сипаттамасы
Т.С.Мамонтова	Әдістемелік құзыреттілік – оқу-әдістемелік қызметті орындау үшін қажетті әдістемелік білім мен біліктің, сонымен қатар, кәсіби сала үшін маңызды тұлғалық қасиеттердің жиынтығы	Тұлғалық қасиеттер жиынтығы
Т.В.Сягина	Әдістемелік құзыреттілік – педагогтің педагогикалық үдеріске деген құндылық көзқарасын, сонымен қатар, кәсіби білім мен біліктердің жиынтығын білдіретін педагогтің маңызды сипаттамаларының бірі	Құндылық көзқарас

Бүгінгі таңда жаппай қолға алынған мемлекеттік жоба аясындағы «Келешек» мектептері үшін кәсіби мамандарды даярлау ісі аса маңызды. Біріншіден, «Келешек» мектептеріне әдістемелік құзыреттілігі жоғары, педагогикалық тәсілдемелерге кәсіби даярланған болашақ мұғалімдерді тарту басты мақсаттардың бірі. Сондай-ақ, екіншіден, бүгінгі таңда педагогикалық үдеріске деген жаңа көзқарастардың пайда болуы мен оны жүргізуге деген түбегейлі қадамдар қалыптаса бастады. Дидактиканың дамуының бастапқы кезеңдерінде өзекті болған құзыреттіліктердің мазмұны бүгінгі оқытудың талаптарына сәйкес болмағандықтан, басым бөлігі модификацияланып отыр. Сәйкесінше, әдістемелік құзыреттіліктің мазмұны да бірқатар өзгерістерге толы.

Болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау ісінде әдістемелік білім жоғары білімнің базасы болып табылады. Бұл ретте әдістемелік құзыреттілікті дамытуда арнайы педагогикалық формуланың құрылымдалуы әбден мүмкін. Мұндағы әдістемелік құзыреттілік формуласының мазмұны «әдістемелік білім + әдістемелік шығармашылық + әдістемелік өнер + әдістемелік ойлау + әдістемелік мәдениет + әдістемелік сауаттылық = әдістемелік құзыреттілік» деп құрылымдалады. Формуладағы берілген әрбір ұғым жеке компонент болып қызмет атқарады. Ендеше, осы мазмұны құрылымдалған компоненттерді жеке-жеке талдап өтейік. 2-суретте беріліп отыр.

Әдістемелік білім компоненті педагогтің білім алуы барысында қалыптасқан, стандартты жағдаяттарды талдай отырып, табиғи немесе арнайы оқытулардың нәтижесінде игерген білім қоры. Әдетте бұл компонентті педагогтер жоғары оқу орнының қабырғасында меңгереді және педагогикалық қызмет барысында жетілдіріп отырады. Әдістемелік білім компонентін жетік меңгерген педагог стандартты жағдайлар кезінде сауатты әрекет етуді, тез шешім қабылдауды және сол шешімдер үшін жауапкершілік ала білуді меңгеріп шығады.

Әдістемелік сауаттылық, бұл компонент педагогтің өзінің кәсіби қызметін тиісті нормалар мен заңдарға сай жүргізе білуін қамтиды. Болашақ мұғалімдердің педагогикалық үдеріс, оны тиімді ұйымдастыра алу туралы көзқарасы, ойлары және оның нәтижесінде туындайтын педагогикалық әрекеттері белгілі бір заңнамалық немесе ережелер негізінде болуы тиіс. Бұл компонент педагогтің жоғары оқу орындарында білім алуы барысында да, сонымен қатар, педагогикалық үдерістің барысында да қалыптасады. Әдістемелік сауаттылықтың ең қарапайым мысалы ретінде мыналарды келтіре аламыз: болашақ педагогтің сабақ уақытын сақтауы, мектеп құжаттарын тиісті ережелерге сай толтыра алуы, өзінің біліктілігін тиісті заңдарға сай жетілдіруі және т.б.


Әдістемелік шығармашылық болашақ мұғалімдердің әдістемелік білім компонентін толықтырушы құрамдас бөлігі болып табылады. Себебі, болашақ педагогтің кәсіби даярлығы барысында түрлі стандартты емес жағдайлар өте кең кездеседі. Мұндай мәселелер кезінде дәстүрлі шешімдерді қабылдаудың тиімді болмау ықтималдығы өте жоғары. Сәйкесінше, білім алушы стандартты емес жағдайлар кезінде әрекет ету мен шешім қабылдауды да меңгеруі тиіс. Осы мақсатты қамтитын әдістемелік құзыреттілік компонентін әдістемелік шығармашылық деп атаймыз. Әдістемелік шығармашылық болашақ педагогтердің жеке басына, білімді қалыптастыру және дамыту қабілетіне, оқушыларды ғылымға қызықтыруға байланысты шеберлік пен өнер ретінде қарастырылады. Бұл компонент осы тақырыпты зерттеген авторлардың басым бөлігі құптайтын және әдістемелік құзыреттіліктің ажырамас бөлігі деп саналатын компонент. Бүгінгі таңда білім беру ұйымында білім беру білім алушылардың назарына аудару және білім беру нәтижелерін сапалы ету мақсатында шығармашылық пен креативтілікті талап етеді. Себебі, бүгінгі таңда балалар үшін дәстүрлі түрде партада отырып қана білім алу қызықты емес. Өйткені, олар шектеусіз ақпарат ағынында өмір сүретіндіктен білім беру трендтерін қолдана отырып, шығармашылық ұстаз бейнесінде білім беру үдерісін ұйымдастыру әлдеқайда өнімді болып табылады.

Әдістемелік өнер жайында айтар болсақ, бұл болашақ мұғалімдердің жоғарыда сипатталған барлық құзыреттіліктерді игере отырып, өзінің кәсіби қызметін жоғары деңгейде жүргізе алуын айтамыз. Педагогикалық қызмет барысында стандартты және стандартты емес мәселелерді оперативті және нәтижелі шешу, білім беруді озық тәжірибелер мен әдістердің коллаборациясы шеңберінде ұйымдастыру әдістемелік өнердің меңгерілгендігін білдіреді десек болады.

Әдістемелік ойлау болашақ педагогтердің оқыту мен тәрбие үдерісінің барысында педагогикалық мәселелерді (білім беру) шешуде өзінің білімін қолдануды қамтамасыз ететін ойлау түрі болып саналады. Яғни, білім беру ұйымында қызмет атқаратын педагогтердің бір пәнге деген түрлі көзқарасы, тактикасы және стратегиясы болуы мүмкін. Бірақ, соның ішіндегі ұтымдысын таңдай отырып, сонымен қатар, білім алушының мүмкіндіктері мен қабілеттеріне сыни тұрғыдан талдау жасай отырып, ұйымдастырылған білім беру үдерісі тиімді болады.

Демек, мұндай үдерісті ұйымдастыра алатын педагогтің әдістемелік құзыреттілігі жоғары маман деуге негіз бар.

Жоғарыда аталған компоненттер болашақ педагогтердің әдістемелік құзыреттілікті меңгеруі барысындағы күтілетін нәтижелері ретінде қарастыруға болады. Сол себепті, әдістемелік құзыреттіліктің мазмұнын осы құрылым арқылы ашу үнемі тиімді бола бермейді. Сондықтан, әдістемелік құзыреттілік мазмұнын кеңірек ашу үшін біз А.Л. Зубковтың зерттеулеріне сүйене аламыз. Автор әдістемелік құзыреттіліктің мазмұндық құрылымына әдістемелік ойлау, әдістемелік мәдениет және әдістемелік шығармашылықты жатқызады. Компоненттеріне назар аударып, оны жоғарыда аталған компоненттермен ұқсас деуге болады.



Сурет 1 – Әдістемелік құзыреттіліктің компоненттері

Әдістемелік мәдениет болашақ педагогтердің еңбек тиімділігінің интеграцияланған көрсеткіші ретінде қызмет етеді және белсенділік пен шығармашылық тәуелсіздіктің жоғары формасы, оқу үдерісін жетілдірудің ынталандыруы мен шарты, жаңа әдістемелік идеялар мен оларды шешу жолдарының пайда болуының алғышарты ретінде түсініледі. Яғни, автор бұл компонентті әдістемелік құзыреттілік мазмұнына енгізе отырып, оны жоғары көрсеткіш ретінде сипаттайды. Мазмұнына назар аударатын болсақ, бұл педагогтің түбегейлі қызметінің көрінісі болып табылады. Сондай-ақ, әдістемелік құзыреттіліктерге өзі ие бола отырып, оны өзгелерге тарату, жетілдіру және жаңашылдыққа ұмтылу сияқты белгілер арқылы көрінеді. Ол мұғалімнің кәсіби қызметінің субъективті аспектісі, өз қызметіндегі әдістемелік тәжірибені жалпылау қабілеті ретінде әрекет етеді.

Әдістемелік сауаттылық болашақ педагогтердің кәсіби даярлануының мазмұны рухани және кәсіби құндылықтарына негізделген компонент ретінде түсіндіріледі және әдістемелік сауаттылық студенттердің теориялық, практикалық және әдістемелік тұрғыдағы тұлғалық дайындығын, оқу-тәрбие үдерісінде туындайтын педагогикалық жағдаяттарды тиімді шеше алу қабілетінің өлшемдерінен тұрады.

Жоғарыда айтылған компоненттердің барлығы әдістемелік құзыреттіліктің мазмұны мен құрылымын қарастырады.

**Нәтижелер.** Жоғарыда талданған теориялық негіздері және компоненттер, оның қызметтері бойынша келесідей тұжырымдар жасауға болады. Әдістемелік құзыреттілік білім, білік, дағды және әдістемелік терминологияны терең меңгеру, сыни ойлауы, шығармашылық, креативтілік қабілеттер, сөйлеу мен қарым-қатынас этикасы, оқу-әдістемелік міндеттерді шешу іскерлігінен тұрады.

Мақалада қарастырылған компоненттер әдістемелік құзыреттілігі жоғары педагогке тән белгілер ретінде қызмет етеді. Соның ішінде білім, білік және дағдыға ерекше тоқталып өтуге болады. Себебі, білім беру жүйесінде қызмет атқаратын мамандардың ең жиі қолданатын терминінің бірі осы болып табылады. Бұл дегеніміз, педагогтің бойында тек қана білімнің болуы жеткіліксіз. Ол оны педагогикалық мәселелер барысында қолдана алуы білігіне ие болуы қажет.

Сонымен, келтірілген теориялық деректерге талдау жүргізе отырып, әдістемелік құзыреттіліктің мазмұны мен құрылымын негіздеп алдық. Түйіндейтін болсақ, әдістемелік құзыреттіліктің қалыптасу көрсеткіштері ретінде мына әрекеттерді жатқызамыз:

- білім беру саласындағы инновациялық заманауи технологияларды және оны педагогикалық үдеріс барысында қолдануды меңгерген;
- әдістемелік концепцияларды құру кезінде педагогикалық, психологиялық және философиялық ережелерді талдап қолдана алады;
- оқу-әдістемелік кешеннің ғылыми негіздерін түсінеді;
- педагогикалық үдеріске қажетті оқу материалдарын білім алушылардың жеке даму ерекшеліктеріне қарай таңдайды және бейімдейді;
- өз пәнінің оқу мақсаттарын дұрыс анықтай алады;
- өзінің педагогикалық үдерісі барысында оқыту мен тәрбиенің түрлі әдістерін қолдана алады;
- педагогикалық жағдаяттарға талдау жасап, шешімдерін шығара алады және шешімдерден күтілетін нәтижелерді алдын-ала болжай алады;
- қойылған мақсаттарға жетуді қамтамасыз ететін оқытудың түрлі тиімді тәсілдерін таңдап, қолдана алады;
- ақпараттық және интерактивті технологияларды, жасанды интеллектіні қолдануды игереді, оларды білім беру үдерісінің барысында рационалды түрде қолдана алады;
- теориялық және практикалық білімді микрооқыту технологиясына сай реттей алады;
- өзінің кәсіби қызметі бойынша теориялық білім қорына ие және оларды тәжірибеде қолдану мүмкіндіктерін игереді.

Біз, теориялық тұрғыдағы зерттеулерді талдай келе, «әдістемелік құзыреттілік – теориядан жаңа теория туындатушы, барлық теориялық білімді тәжірибелік тұрғыдан шығармашылықпен қамтамасыз етуші құрылым» деп нақтылау жасаймыз.

Ары қарай, педагогикалық тәсілдемелер негізінде болашақ мұғалімдердің әдістемелік құзыреттілігін дамытудың диагностикасын жүргізуге тоқталамыз.

Зерттеу жұмысының барысында теориялық зерттеу әрекеттерінен бөлек, тәжірибелік – эксперименттік жұмыс ұйымдастырылды. Тәжірибелік – эксперименттік жұмысқа білім алатын 120 студент қатысты. Оның ішінде – 62 студент – эксперименттік топ, 58 студент – бақылау тобы. Тәжірибелік – эксперименттік жұмыс негізгі үш кезең бойынша өткізілді. Олардың мазмұнын төменде ұсынамыз:

Кесте 2 - Диагностикалау жұмыстарының кезеңдері, мазмұны

Диагностика кезеңдері	Мақсаты	Мазмұны
Деңгейлерді анықтау кезеңі	Болашақ мұғалімдердің әдістемелік құзыреттілігін дамытудың деңгейлерін анықтау	Диагностикалық әдістерді және оған қажетті құралдарды әзірлеу, әдістер арқылы диагностика өткізу
Лабораториялық кезең	Болашақ мұғалімдердің әдістемелік құзыреттілігі дамуының ағымдағы жағдайын анықтау	Диагностикалық әдістемелерді ұйымдастыру, мәнін анықтау
Диагностиканың қорытынды кезеңі	Болашақ мұғалімдердің әдістемелік құзыреттілігін педагогикалық тәсілдеме негізінде дамытуды диагностикалаудың нәтижелері	Диагностикалау жұмыстарының нәтижелерін статистикалық талдау

Кестеде ұсынылған кезеңдер бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың алғашқы кезеңінде анықтаушы эксперимент ұйымдастырылды. Анықтаушы эксперимент мақсатына сай студенттерді эксперименттік және бақылау тобына бөле отырып, бірнеше әдісті жүргіздік. Олардың алғашқысы – сауалнама (№1).

Сауалнама мақсаты: болашақ мұғалімдердің әдістемелік құзыреттілігі дамуының ағымдағы жағдайын анықтау

Құрал – жабдықтар: сауалнаманы толтыру бланкісі, қалам

Сауалнаманы өту барысы: студенттерге сауалнама сұрақтары мен мүмкін болатын жауаптар ұсынылған бланк таратылып беріледі де, сауалнамаға жауап беру нұсқаулығы түсіндіріледі.

Нұсқаулық: «Құрметті студенттер, сіздерге зерттеу экспериментіне қатысты сауалнама ұсынылып отыр. Бланкде берілген сұрақтарды жеке – жеке мұқият оқып, жауаптардың ішінен біреуін таңдауды сұраймыз. Сонымен қатар, жауап беру кезінде сұрақтардың барлығын қамту сұралады».

Сауалнама сұрақтары:

1. Сіз «әдістемелік құзыреттілік», «құзыреттілік» ұғымдарымен таныссыз ба?
2. Сіздің өз салаңыз бойынша түрлі әдістемелерді меңгеру деңгейіңіз көңіліңізден шығады ма?
3. Сабаққа дайындалу кезінде әдістемелік әдебиеттерге үнемі талдау жасап, сабақ үдерісінде қолданасыз ба?
4. Сіз педагогикалық үдерісті ұйымдастыру мазмұнын толық меңгердіңіз бе?
5. Сабақтарға арналған жоспарлар мен бағдарламаларды өз бетіңізше құра аласыз ба?
6. Оқу үдерісінде жоспарларды білім алушылардың қажеттілігіне қарай бейімдеу процедурасын толық меңгердіңіз бе?
7. Білім берудегі инновациялық тәсілдерді қолдану мен бейімдеу жолдарын толық білесіз бе?
8. Өзіңіздің педагогикалық қызметіңізді тиімді ұйымдастыру тәсілдерін білесіз бе?
9. Педагогикалық үдеріс барысындағы жағдайларды шешу дағдыларын толық меңгердіңіз бе?
10. Сіз меңгерген педагогикалық және әдістемелік дағдылар заманауи білім беру талаптарына толығымен сәйкес келеді ме?

Ұсынылған сұрақтарға студенттер «иә» немесе «жоқ» жауабының бірін таңдау арқылы жауап береді. Олардың жауаптарындағы «иә» жауабының есебінен әдістемелік құзыреттіліктің қалыптасу деңгейі анықталады.

Иә жауабының саны 8 – 10 – әдістемелік құзыреттіліктің қалыптасуының жоғары деңгейі;

Иә жауабының саны 5 – 7 – әдістемелік құзыреттіліктің қалыптасуының орташа деңгейі;

Иә жауабының саны 0 – 4 – әдістемелік құзыреттіліктің қалыптасуының төмен деңгейі;

Ұсынылған сауалнаманы жүргізу барысында студенттерге бланкілер таратылды және белгілеу тәртібі түсіндірілді. Анықтаушы эксперименттің №1 сауалнамасы бойынша алынған жауаптарды төменгі кестеде ұсынамыз:

Кесте 3 – Сауалнама нәтижелері (эксперименттік топ)

Нәтиже	Сандық көрсеткіш	%
Жоғары деңгей	16 студент	26 %
Орташа деңгей	27 студент	43 %
Төмен деңгей	19 студент	31 %

Кестеде берілген нәтижелерге назар аудара отырып, әдістемелік құзыреттілік бойынша нәтижелердің біркелкі еместігін аңғаруға болады. Ең алдымен мұндай түрлі көрсеткіштердің алынуы білім беру бағдарламасында көзделген оқу нәтижелеріне жетуді қамтамасыз етудің де түрлі деңгейде болуына алып келеді және болашақ мамандардың кәсібилігіне теріс ықпалын тигізеді.

**Талқылау.** Эксперименттік топта №1 сауалнама бойынша жалпы саны 16 студентте жоғары деңгей анықталды. Жауаптар бойынша көрсеткіштерге келетін болсақ, 3 студентте – 10 балл, 8 студентте – 9 балл және қалған 3 студентте – 8 балл.

Ал, орташа деңгейге сай жауап берген студенттер саны эксперименттік топтағы контингенттің ең басым бөлігін құрайды. Атап айтқанда, 62 студенттің ішінде 27 студенттің жауабы осы деңгейге сәйкес болды. Орташа деңгейге жауап берген студенттердің балл бойынша көрсет-


кіштеріне келетін болсақ, мұнда 11 студентте – 7 балл, 8 студентте – 6 балл және 8 студентте – 5 балл.

Сауалнама интерпретациясындағы төмен көрсеткішті көрсеткен студенттер саны – 19. Студенттердің жауаптары бойынша 12 студентте – 4 балл, 7 студентте – 3 балл.

Топтардағы көрсеткіш бойынша 0 – 2 балл аралығында көрсеткіш тіркелмеді.

Жауаптарды талдау кезінде студенттердің әдістемелік құзыреттілікке қатысты бірқатар қиындықтарының бар екендігі белгілі болды. Атап айтқанда, студенттердің басым бөлігіндегі «жоқ» жауабы сауалнама мазмұнындағы 2, 4, 6 сұрақтарда кездесті. Бұл сұраққа эксперименттік топтағы 48 студент жоқ жауабын таңдаған. Демек, студенттердің басым бөлігі әлі де әдістемелерді меңгеру деңгейіне көңілдері толмайды. Сонымен қатар, педагогикалық үдерісті ұйымдастыру барысында білім алушылардың түрлі ерекшеліктеріне қарай оқу үдерісін бейімдеу жолдарын білмейді және педагогикалық үдерісті ұйымдастыру мазмұнын жетік түсінбейді. Ал, бұл көрсеткіштер болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби қызметінің негізі екендігін ескеретін болсақ, бұл құзыреттілікті дамыту қажеттілігі айқын деп айта аламыз.

№1 сауалнама негізінде автормен диаграмма құрылды және төменгі суретте қарастырылды:



Сурет 2- №1 сауалнама нәтижелері (эксперименттік топ бойынша)

Бұл нәтижелерді бақылау тобындағы көрсеткіштермен салыстыру үшін төменгі кестеде осы топ негізінде алынған нәтижелерді ұсынамыз:

Кесте 4 – Сауалнама нәтижелері (бақылау тобы)

Нәтиже	Сандық көрсеткіш	%
Жоғары деңгей	18 студент	31 %
Орташа деңгей	22 студент	38 %
Төмен деңгей	18 студент	31 %


Әдістемелік құзыреттіліктің даму деңгейін анықтау мақсатында жүргізілген сауалнаманың бақылау тобындағы нәтижелері эксперименттік топтағы көрсеткіштермен шамалас болды.

Бақылау тобында №1 сауалнаманың жоғары деңгейі 18 студентте анықталды. Атап айтқанда, 3 студентте толық 10 балл тіркелді. 11 студентте – 9 балл және қалған 4 студентте – 8 балл. Орташа деңгей бойынша бақылау тобының 22 студентінде осы нәтижелер тіркелді. Олардың ішінде 8 студентте – 7 балл; 10 студентте – 6 балл және қалған 4 студентте – 5 балл.

Сауалнама нәтижелері бойынша төмен балл бақылау тобындағы 18 студентте тіркелді. Олардың ішінде 16 студентте 4 балл және 2 студентте 3 балл болды. Бақылау тобындағы нәтижелер бойынша да 0 – 2 балл аралығындағы көрсеткіш байқалмады.

Бақылау тобындағы сұрақтардың ықтималдығына келетін болсақ, мұнда «жоқ» жауабы 4 және 6 сұрақтар барысында ең көп кездесті. Ал, «иә» жауабы 7 және 10 сұрақтар кезінде анықталды.

Бақылау тобындағы нәтижелерді 3– суретте қарастырамыз:



Сурет 3 – №1 сауалнама нәтижелері (бақылау тобы бойынша)

Анықтаушы эксперименттің екінші кезеңінде әдістемелік құзыреттіліктерді меңгеру бойынша тест алынды. Тест мазмұны білім беру бағдарламалары бойынша 1 – 2 курста оқылған жалпы пәндер мен кәсіби модульдің пәндеріне сүйене отырып жасалынды.

Тест мақсаты – болашақ мұғалімдердің әдістемелік құзыреттіліктерінің даму деңгейін анықтау.

Тест жалпы саны 60 сұрақтан тұрады. Атап айтқанда, әдістемелік құзыреттіліктің мазмұндық компоненті бойынша 15 сұрақ, операциялық компонент бойынша – 15 сұрақ, мотивациялық компонент бойынша – 15 сұрақ және рефлексивті компонент бойынша – 15 сұрақ. Тесттің толық мазмұны диссертациялық жұмыстың Б Қосымшасында ұсынылды.

Құрал – жабдықтар: тест бланкісі, қалам

Нұсқаулық: «Құрметті студенттер, сіздерге зерттеу экспериментіне қатысты тест сұрақтары ұсынылып отыр. Бланкте берілген сұрақтарды жеке – жеке мұқият оқып, тест жауабын белгілеуіңізді сұраймыз. Сонымен қатар, жауап беру кезінде сұрақтардың барлығын қамту сұралады».

Бағалау критерийі тест бойынша дұрыс жауаптар саны негізінде анықталды (әр компонент жеке – жеке бағаланады):

Дұрыс жауап саны 12 – 15 – әдістемелік құзыреттіліктің қалыптасуының жеткілікті деңгейі;

Дұрыс жауап саны 7 – 11 – әдістемелік құзыреттіліктің қалыптасуының орташа деңгейі;

Дұрыс жауап саны 0 – 6 – әдістемелік құзыреттіліктің қалыптасуының жеткіліксіз деңгейі;

Анықтаушы эксперимент аясындағы тест жауаптарының эксперименттік топтағы нәтижелерін ұсынамыз:

Кесте 5 - Тест нәтижелері (эксперименттік топ)


Компонент	Жеткілікті деңгей	Орташа деңгей	Жеткіліксіз деңгей
Мазмұндық компонент	15 студент 24 %	30 студент 48 %	17 студент 28 %
Мотивациялық компонент	21 студент 34 %	25 студент 40 %	16 студент 26 %
Операциялық компонент	14 студент 22 %	19 студент 31 %	29 студент 47 %
Рефлексивті компонент	19 студент 31 %	23 студент 37 %	20 студент 32 %

Эксперименттік топтағы нәтижелердің сапасына талдау жасайтын болсақ, топтағы студенттердің әрбір компонент бойынша нәтижелері түрлі болды. Компоненттер бойынша

басым көсеткіш эксперименттік топта мотивациялық компонент сұрақтарында болды. Ал, ең төмен жауап операциялық компонент бойынша анықталды.

Әрбір компонент негізінде жауаптарға келетін болсақ, жеткілікті деңгейде жауап берген студенттер саны – 15. Олардың ішінде 3 студент 13 сұраққа дұрыс жауап берсе, 8 студент 13 сұраққа және қалған 4 студент 12 сұраққа дұрыс жауап бере алды. Орташа деңгей тіркелген 30 студенттің жауабының ішінде 10 студентте – 11 балл, 5 студентте – 10 балл, 13 студентте 9 балл және қалған 2 студентте 8 балл анықталды. Төмен деңгейдегі нәтижелер бойынша 8 студент 6 сұраққа жауап бере алса, 8 студент 4 балл алды. Сондай – ақ, 2 студент 4 балл иеленді.

Эксперименттік топтағы нәтижелерді төмендегі суретте ұсынамыз.




Сурет 4– Тест нәтижелері (эксперименттік топ)

Бақылау тобындағы нәтижелер мен оның негізіндегі талдауды төмендегі кестеде қарастырамыз.

Кесте 6 - Тест нәтижелері (эксперименттік топ)

Компонент	Жеткілікті деңгей	Орташа деңгей	Жеткіліксіз деңгей
Мазмұндық компонент	15 студент 26 %	28 студент 48 %	15 студент 26 %
Мотивациялық компонент	18 студент 31 %	26 студент 45 %	14 студент 24 %
Операциялық компонент	17 студент 29 %	26 студент 45 %	15 студент 26 %
Рефлексивті компонент	19 студент 33 %	20 студент 34 %	19 студент 33 %

Бақылау тобындағы балалардың көрсеткіштеріне келетін болсақ, бұл топтағы нәтижелер эксперименттік топпен ұқсас болды. Ең жоғары көрсеткіш рефлексивті компонент кезінде болса, ең төмені мазмұндық компонентте болды.



Сурет 5 – Тест нәтижелері (бақылау тобы)

Тәжірибелік – эксперименттік жұмысты қорытындылай отырып, болашақ мұғалімдердің әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудағы педагогикалық тәсілдеме негізінде әдістемелік құзыреттілікті дамытудың әдістемесін дайындаудың қажеттігі анықталды.

**Қорытынды.** Елдегі демографиялық өсім мен білім беру бағдарламасын ЖОО басым бөлігінің іске асыруы бұл саладағы маман тапшылығына деген қажеттілікті жойып отыр.

Дегенмен, мамандарды даярлау тек қана оның сандық көрсеткіштерін толықтырумен шектелмейді. Сонымен қатар, мамандарды даярлау үдерісі еліміздің білім беру саласына тың идеялар мен жаңа өзгерістерді алып келетін кәсіби мамандарды даярлау міндетін көздейді. Сондықтан, болашақ мұғалімдерді даярлауда сапалық көрсеткіштің приоритетті екендігін атап өтуге болады.

Болашақ мұғалімдерді даярлау олардың кәсіби құзыреттіліктерін жеткілікті деңгейде қалыптастыру мен кәсіби үдеріске педагогикалық, психологиялық және әдістемелік тұрғыдан дайындауды қамтамасыз етеді. Студент жоғары оқу орнының қабырғасында білім ала отырып, осы құзыреттіліктерге белгілі бір деңгейде ие бола алады.

Жоғарыда сипатталған дағдылар мен біліктердің жиынтығын педагогика «әдістемелік құзыреттіліктер» термині арқылы қарастырады. Бұл термин болашақ маманның өзінің кәсіби саласы туралы білімдерінің толықтығын, өз саласына қатысты оқыту әдістерінің дәстүрлі және инновациялық түрлерін меңгергендігін, сонымен бірге, кәсіби саладағы нормативтік, цифрлық, психологиялық сауаттылықты да қамтиды. Көріп отырғанымыздай, құзыреттіліктің бұл түрі кең ауқымды болып келеді және оны қалыптастыру болашақ маманның кәсіби қызметінің сәтті болу факторының бірі болып табылады.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Тоқаевтың М.Б. Қ. Ж. жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы [Электронный ресурс].
2. Қазақстан Республикасы жоғары білім беру мемлекеттік стандартының тұжырымдамасы. Алматы, «Ы.Алтынсарин атындағы білім академиясы», 2022. - 49 б.
3. Тұрабай Г.К. Болашақ мұғалімдердің мәдениетаралық қарым-қатынас құзыреттілігін Интернет-ресурстары негізінде қалыптастырудың әдістемелік негіздері //Bulletin of the Karaganda University Pedagogy series. – 2022. – Т. 106. – №. 2. – С. 6-15.
4. Сайдахметова Д.Х. Цифровая технология //Academic research in educational sciences. –2020 –№.4.–С.85-90.
5. Абаева Ш.К., Кундузкаинова А.К. Педагогика және психология.
6. Слободчиков В.И., Исаев Е.И. Психология человека. – 1995.
7. Шукина М.А. Субъектный подход к саморазвитию личности: возможности теоретического понимания и эмпирического изучения //Психология. Журнал высшей школы экономики. – 2014. – Т. 11. – №. 2.
8. Роджерс К. О становлении личностью //М.: Прогресс. – 1994.
9. Маслоу А. Мотивация и личность. – Питер, 2010.
10. Burns T., Stalker G. M. The management of innovation. – Oxford University Press, 1994.
11. Сейдина М., Бекбаева Ж., Махамбетова Ж. Сейдина МЗ Толеранттылық болашақ педагогтердің сыни ойлауын қалыптастырудың тәсілдемесі ретінде //Вестник КазНУ. Серия «Педагогические науки». – 2025. – Т. 82. – №. 1. – С. 28-40.
12. Коменский Я.А. Избранные педагогические сочинения: В 2 т. / Я.А.Коменский. — М.: Педагогика, 1982. — Т. 1. — 424 с.
13. Шеховская Л.Н. Педагогика и философия: духовно-ментальный диалог //Вопросы журналистики, педагогики, языкознания. – 2010. – Т. 5. – №. 6 (77). – С. 33-38.
14. Дьюи Дж. Демократия и образование: Исследование философских основ образования / Дж. Дьюи. — М.: Педагогика, 1985. — 320 с.
15. Корнетов Г.Б. Метод проектов УХ Килпатрика. Часть 2. Особенности метода //Инновационные проекты и программы в образовании. – 2020. – №. 6 (72). – С. 19-27.
16. Саломатина Л.С. Методические подходы к работе с текстом на занятиях родным языком. Опыт XIX в //Начальная школа. – 2010. – №. 1. – С. 11-17.
17. Тоқтаганова А. С. Мұғалімнің кәсіби-тұлғалық құзыреттілігін дамыту-нәтижелі білім факторы //Қазақстан жоғары мектебі. – 2007. – №. 4. – С. 16-18.
18. Набиева Н.Т. Білім берудегі құзіреттілік бағыт //Publisher. agency: Proceedings of the 10th International Scientific Conference «Reviews of Modern Science»(July 10-11, 2025). Zürich, Switzerland, 2025. 161p. – Universität Luzern, 2025. – С. 14.

*References:*

1. Toqayevtyń M.B. Q. J. jylǵy 1 qyrqúiekti Qazaqstan halqyn Joldaýy [Elektrondyq resýrs].
2. Qazaqstan Respyblikasy joǵary bilim berý memlekettik standarttyń tújyrymdamasy. Almaty, "Y.Altynsarin atyndaǵy bilim akademiasy", 2022. - 49 b.

3. Turabai G.K. bolashaq muǵalimniń mádenieti-qatynas kúzetshiligi internet-resýrstary negizinde qalyptastyrdyń ádiletshilikteri //Bulletin of the Karaganda University Pedagogy series. – 2022. – T. 106. – №. 2. – B. 6-15.
4. Saidahmetova D.H. Sandyq tehnologiya // Academic research in educational sciences. – 2020. – №. 4. – B. 85-90.
5. Abaeva Sh. K., Kýndýzkarova A. K. Pedagogika jáne psihologiya.
6. Slobodchikov V. I., Isaev e. i. adam psihologiasy. – 1995.
7. Shýkina M.A. tulǵanyń ózin-ózi damytýdyń sýbektivti tásil: teorıalyq túsiný jáne empirikalıq zertteý múmkindikteri //Psihologiya. Ekonomika joǵary mektebiniń jýrnaly. – 2014. – T. 11. – №. 2.
8. Rodjers k. tulǵa bolý týraly // M.: Progres. – 1994.
9. Masloy A. Motivasiya jáne tulǵa. - Piter, 2010.
10. Burns T., Stalker G. M. The management of innovation. – Oxford University Press, 1994.
11. Seidina M., Bekbaeva J., Mahambetova J. Seidina DSM tolerantty bolashaq pedagogteriniń uly oilayın qalyptastyrynyń kásipshiligin retinde //Qazúy Habarshysy. "Pedagogikalıq ǵylymdar" seriasy. – 2025. – T. 82. – №. 1. – B. 28-40.
12. Komenski, IA. A. Tańdalǵan pedagogikalıq shyǵarmalar: V 2 t. / IA.A.Komenski. - M.:Pedagogika, 1982. — T.1. — 424 b.
13. Shehovskaia L.N. Pedagogika jáne filosofia: ryhanı-psihikalıq dialog //jýrnalıka, pedagogika, til bilimi máseleleri. – 2010. - T.5. – №. 6 (77). – 33-38 b.
14. Dú Dj. Demokratiya jáne bilim: bilim berýdiń filosofialıq negizderin zertteý / Dj. Dú. - M.:Pedagogika, 1985. – 320 b.
15. Kometov G. B. ýh Kúlpatriktiń Joba ádisi. 2 bólim. Ádistiń ereksheликteri // Bilim berýdegi inovatsialıq jobalar men baǵdarlamalar. – 2020. – №. 6 (72). – 19-27 BB.
16. Salomatina I. s. Ana tili sabaqtarynda mátinmen jumys isteydiń ádistemelik tásilderi. XIX ǵ. tájiribesi //Bastayysh mektep. – 2010. – №. 1. – 11-17 B.
17. Toqtaganova a.s. Muǵalimniń kásibi-tulǵany damytý-nátije bilimi faktorlary //Qazaqstan joǵary mektebi. – 2007. – №. 4. – 16-18 BB.
18. Nabieva N.T. Bilim berýde kúzetshilik baǵyt //Publisher. agency: Proceedings of the 10th International Scientific Conference "Reviews of Modern Science"(July 10-11, 2025). Zürich, Switzerland, 2025. 161p. – Universität Luzern, 2025. – B.14.

IRSTI 14.35.09

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2025.88.4.018>

Usein G.,<sup>1\*</sup>  Shakirova N.<sup>1</sup> 

<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

## IMPORTANCE OF TEACHING HYDROGEOLOGY FUNDAMENTALS IN HIGHER EDUCATION THROUGH INNOVATIVE PEDAGOGICAL APPROACHES

### Abstract

This article presents a comprehensive analysis of theoretical and methodological aspects, as well as practical experience in teaching the fundamentals of hydrogeology within higher education. In today's world, where environmental issues such as climate change, freshwater scarcity and groundwater pollution are intensifying, the relevance of hydrogeology is increasing. The content of this discipline is viewed as a key component of professional training for future geography specialists, as it delivers scientific knowledge and prepares competent professionals capable of making informed decisions in sustainable natural resource management, environmental protection and ecological safety. The main objective of this study is to analyze pedagogical methods and approaches used in teaching hydrogeology in higher education and determine their effectiveness and specific applications. Achieving this goal aims to enhance theoretical and practical training of geography students, as well as develop their ecological thinking and research skills. The study employed methods such as content analysis, comparative description, pedagogical observation and qualitative evaluation. The article explores traditional teaching methods (lectures, practical and laboratory classes) alongside innovative approaches, including interactive teaching, digital learning platforms, field expeditions, modeling and project-based learning. The importance of visualization tools and digital technologies in fostering student engagement is emphasized. Findings show that practice-oriented instruction, integrated approaches and effective use of digital resources improve students' subject knowledge. Integrating theoretical content with practical examples, using problem-based tasks and conducting group projects that encourage independent decision-making enhance the effectiveness of the educational process. However, some higher education institutions still face challenges such as a lack of methodological resources and insufficient material and technical infrastructure. In conclusion, systematic application of effective pedagogical methods in teaching hydrogeology plays a crucial role in developing professional competencies of